

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Қазақстанның төрағалығы – ЕҚЫҰ дамуының жаңа сатысы

Айхан ШӘРІП

Кеше қос палаталық Парламенттің Жоғарғы палатасының депутаттары жаңа 2010 жылдағы алғашқы жалпы отырыстарына жиылды. Жиынды ашқан Сенат басшысы Қ.Тоқаев 2009 жылдың «мемлекет пен қоғам үшін айтарлықтай маңызды оқиғаларға толы болғандығына» тоқтала келе, өткен жылға өкпе жоқтығын, ал жаңа жылдан үміт көп екендігін, «Барыс жылында» сенаторлар алдында да өте ауқымды, маңызды мақсаттар тұрғанын айтты. Парламент бытыр 121 заң қабылдапты. Ал билік еліміз дағдарыс кезеңінен – дағдарыстан кейінгі өркендеу кезеңіне аяқ басып, жанбағыстан – дамуға бет алатындығын ескерсе, заң шығарушыларға жүктер жауапкершілік те зор болмақ. Сондай-ақ палата төрағасы, Ата заңымыз бойынша биліктегі «екінші тұлға» есептелетін Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ елінің еуропалық бекді ұйымға көшбасшылық жасауына қатысты өз бағасын бере кетті.

– Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық қызме-

тін бастаған Қазақстан ұйымға мүше мемлекеттердің мүддесін ескере отырып, белсенді әрі сандарлы жұмысымен оның қызметіне жаңа дем берді деген ойдамын, – деді Қ.Тоқаев. – Сондай-ақ Қазақстан төрағалығы ұйымының дамуына жаңа сатысына көтерілуіне игі ықпал ететініне сеніміміз мол.

Осы кеше ғана ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан төрағалығының басымдықтары жөніндегі толық бағдарламасын жариялағандығын атап өткен Қасым-Жомарт Кемелұлы сондай бағдарламаға сөйкес, ЕҚЫҰ аясындағы бірқатар шаралар Парламент арқылы арна тартатындығын хабарлады. Сенат төрағасы осы бағыттағы басымдықты шаралардың бірқатарын атай кетті. «Был еліміздің Парламенті Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Парламенттік Ассамблеясымен бірігіп Алматыда Трансазиялық парламенттік форумын өткізбек. Сондай-ақ Ассамблея Бюросының отырысы да Астанада болады. Бұл аса жауапты шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, абыроймен атқаруға міндеттіміз!» деді ол.

Өткен жылы депутаттар негізінен ел экономикасының тұғырын бекемдеуге, отандық кәсіпорындарды қолдауға бағытталған заңдарды қабылдады. «Елбасының «Дағдарыстан жанару мен

дамуға» атты Жолдауына байланысты, ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен халықтың әлеуметтік жағдайын одан әрі жақсартудағы қолға алынған нақты тапсырмаларды орындауда көптеген жұмыстар атқарылды. Ал үстіміздегі жылда біздің алдымызда өте ауқымды, маңызды мақсаттар тұр» деген Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстанның І қантардан бастап ел экономикасын дамытудың тағы бір жаңа кезеңіне қалам басқандығын еске салды.

– Еуразия аумағындағы Беларусь және Ресеймен Келендік одақтың тұсауы кесіліп, болашақта бірыңғай экономикалық кеңістік құрудың алғы шарттарын заңдық тұрғыдан қамтамасыз етуге кірістік, – деп сабақтады сөзін Сенат спикері, – Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен экономикамызды жедел индустриаландырудың бексұлдық жоспарын орындау жұмыстары басталды. Бұл игі бастамалардың еліміздің әлеуеті мен мүмкіндіктерін одан әрі қаршыты өркендетуге тын серпін берері сөзсіз.

Төраға Қ.Тоқаев былғы жыл сондай-ақ мерейлі мерекелер мен атаулы даталарға толы екендігін жеткізді. «Был Ата заңымыз – Қазақстан Конституциясының қабылданғанына 15 жыл толады. Бұл мерекені Парламенттің заң шығарушылық қызметіндегі то-

лайым табыстармен қарсы аламыз деп ойлаймын. Тағы бір айтулы мереке – биыл екінші Дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңістің 65-ші жылдығы. Қазақстандықтар үшін саяси маңызы зор бұл мерекені атап өтуде соғыс және еңбек ардагерлеріне лайықты құрмет көрсетіп, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда белсенділік танытуға барлығыңызды шақырамын!» деді ол.

Сөз соңында Сенат басшысы басталған жылды «ерекше есте қалатын тарихи жыл болады» деп бағалады. «Сондықтан қол жеткізген жетістіктерімізді еселеп, еліміздің жаңа биіктерге көтерілуі жолында, әдеттегідей қарқынды қызмет атқарып, мемлекетіміздің дамуына қомақты үлес қосамыз деп ойлаймын. Баршаныңа Жаңа жылда Отанымыздың игілігі үшін қолға алған бастамалар мен жауапты қызметтеріңізге талай табыстар тілеймін!» деп қорытты сөзін Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы күні отырыстың күн тәртібі бойынша сенаторлар «Ядролық қауіпсіздік туралы конвенцияны ратификациялау туралы», «Ядролық авария туралы жедел хабарлау жөніндегі конвенцияны ратификациялау туралы», «Ядролық авария жағдайындағы немесе радиациялық авария жағдайындағы көмек туралы конвенцияны ратифика-



Сенат басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

циялау туралы», сондай-ақ «Пайдаланылған отынның жұмыс істеу қауіпсіздігі туралы және радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу қауіпсіздігі туралы біріктірілген конвенцияны ратификациялау туралы» заң жобаларын қарап, жан-жақты талқылаған соң, қабылдады.

Сондай-ақ Жоғарғы палата Қазақстан Үкіметі мен Француз Үкіметі арасындағы Алматы қаласын сумен қамтамасыз ету және көріз инфрақұрылымын оңалту мен жаңғырту жобасын тоқтатып, оны қаржыландыру туралы хаттаманың күшін жоюға келісім берді.

Сенат

САУАЛ

Сенатор кешірім жасауды сұрайды

Кеше сенатор Ғани Қасымов Үкімет басшысынан үстіміздегі жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың туғанына 70 жылдығы қарсаңында түрмеде жазасын өтеп жатқан жандарға кешірім жасау туралы шешім қабылдау қажеттігін сұрады.

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ

– Мен өткен жылы 16-қыркүйекте Сізге (премьер-министр Кәрім Мәсімов), Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалық етуіне байланысты жазасын өтеп жатқан адамдарға кешірім жасау туралы ұсыныс жасағанмын. Алайда, кешірім жасау туралы шешім қабылданбады. Дегенмен, мұндай қаламға баруымыз біздің дүниежүзілік қауымдастық алдында парасатты қоғам екендігімізді және қоғамды демократияландыру мақсатында маңызды шараларды қабылдап жатқанымыздың жарқын көрінісі болып табылар еді, – деді келе, сенатор.

Ғ.Қасымов кеше Үкімет басшысына. – Кәрім Қажымқанұлы, мен осы мәселеге

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қазақстан Гаитиге жәрдемдеседі

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев орасан зор адам шығыны болып, үлкен залал өкелген зілзалами салдарына байланысты Гаити республикасының президенті Рене Превальдің атына көңіл айту жеделхатты жолдады. Бұл туралы кеше президент өкілшілігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жеделхатта Гаити Республикасында болған қайғылы жағдай Қазақстанда терен күйзеліспен қабыл алынғаны атап өтілген.

«Қазақстан Республикасы халқы атынан және жеке өз атымынан зардап шек-

тағы да қайтып оралуды және ұсынысымызды қолдауыңызды өтінемін. Үстіміздегі жылы еліміз үшін айтулы мереке – Елбасының 70 жылдық мерейтойы аталып өтілмекші. Міне, осы қарсаңда біз жазасын өтеушілерге кешірім жасай отырып мемлекетіміздің атынан қайырымдылық шарасын жүзеге асырсақ құба-құп болар еді. Өйткені, еліміз бойынша 2008 жылы 48 мыңға жуық адам темір тордың ар жағында жазасын өтеп жатқан болса, бүгінгі күні олардың саны 55 мың адамға жетті. Егер салыстырмалы түрде айтсақ, тәуелсіз елімізде 16 миллион адамның 55 мыңы тар қапаста отырса, Францияда 60 миллион адамның тек 13 – 15 мыңға жуығы ғана жазасын өтеуде. Сондықтан да кешірім жасау игі шара болып табылар еді, – деп маңызды мәселенің оңды шешілуін өтінді.

кендердің жануалары мен жақын-туыстарына азалы көңілді білдіртім келеді. Қазақстан Үкіметі Сіздің еліңізге барыңыз гуманитарлық көмек көрсетеді», – делінген жеделхатта.

Өз тілшімізден

Қазақстанның саммит өткізу жайлы ұсынысы құптарлық жайт

(Басы 1-бетте)

ЕҚЫҰ мен халықаралық қауымдастықтың басты әрі маңызды міндеті ауғандықтарға қол ұшын созып, осы елде демократиялық құндылықтарға негізделген ерікті бейбіт қоғам құру деп білемін», – деді ведомство басшысы. Сондай-ақ ол қантар айының соңында Ауғанстан мәселесіне байланысты Лондонда өтетін халықаралық конференция аймақтағы жағдайды тұрақтандыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі екендігін атап көрсетіп, Астанада өтетін лаңкестіктің алдын алуға арналған конференцияның да Ауғанстанға қатысы болатындығын жеткізді.

ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету барысында қазақстандықтардың өмір сүру стандарттары Еуропамен теңеседі. Себебі, төрағалық Қазақстандағы демократиялық үрдістерге соны серпін берді. Бұл туралы Қ.Саудабаев былай деді: «Батыстағы әріптестеріміз бен қарсыластарымыз біздегі демократияға сенімсіздікпен үрке дәрежелі. Оның даму қарқынына тиісетін. Бұдан былай бұл көзқарас жоюылады».

Тұрақты кеңес отырысында Парламентарлық ынтымақтастық мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қ.Саудабаев ЕҚЫҰ Парламент Ассамблеясының президенті Жозе Соареш атқарып

отырған ауқымды жұмыстарды атап өтіп, ЕҚЫҰ-ның Трансазиялық парла-



Мемлекеттік форумды ашудағы Қасым-Жомарт Тоқаев

менттік форумы Алматыда өтетіндігін ұйым мүшелерінің есіне салды. ЕҚЫҰ-ның Тұрақты кеңес мүшесі мен Бас хатшылығын қауырты қимылдауға шақырған төраға: «Бұл оңай шаруа емес, дегенмен уақыт оздырмау-

ды талап ететін іс», – деді. Сөз арасында Қ.Саудабаев ЕҚЫҰ-ға мүше мемле-

өтетін Саммит ұйымының беделін биіктететіндігін айтып, «ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету Қазақстанға оңайға соқпайды, біраз тер төгу керек. Саммит ұйымдастыру туралы идеяны мүше мемлекеттерден дені қоллап отыр. Әйтсе де, олардың арасында келісімдерін елі бермеген мемлекеттер де бар. Соларды көндіру керек. Меніңше, олар көнеді. Біз мазмұнды әрі сапалық Саммит өткіземіз» десе,

Ресей Федерациясының ЕҚЫҰ-дағы тұрақты өкілі Анвар Азимов: «Жылдар бойғы үзілістен кейін Қазақстанның саммит өткізу туралы ұсыныс жасауы құптарлық жайт. Алда болатын саммиттің берері мол. Ол емен-жарқын араласуға, пікір алмасуға, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жаңдануына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда Ресей қазіргі төрағаны қолдайды», – деді. Ал Германияның ЕҚЫҰ-ғы тұрақты өкілі Хайнер Хорстеннің пікірінше, Астана ЕҚЫҰ Саммит өткізуге арналған ең керемет күн. Тек жоғары дәрежелі кездесудің күн тәртібін жақсылап жоспарлау керек. Мұнда қазіргі кезеңнің ең толғақты мәселелері талқылануы тиіс. «Саммитте міндетті түрде Ауғанстандағы ахуал мен «Корфу үрдісі», яғни Еуропадағы қауіпсіздік мәселесінің тұрақтылығы қаралуы керек», – деді Х. Хорстен.

Тұрақты кеңестің отырысында сөз сөйлеген ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Астанада

Біз тек өзімізге ғана арқа сүйей аламыз

(Басы 1-бетте)

Ол сондай-ақ бүгінгі таңда әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың еліміздің барлық аймақтарын қамтитын инвестициялық портфельді әзірленгендігін хабарлады. «Онда 1 триллион теңгеден асатын 200 жоба бар. Негізі, ӘКК-тер қызметі 1 теңгеге 3,5 теңге пайда әкеледі екен» деген тұжырымын ортаға салды Ә.Исекешев.

Елбасының тапсырмасымен, қиын шақта отандық өнім өндірушілерді қолдау үшін «қазақстандық үлес» деген «неологизм» ойлап табылып, теңдерлес отандық кәсіпорындар мен компанияларға басымдық беріле бастағаны мәлім. Ал кеше Индустрия және сауда министрі осы «қазақстандық үлестің» мөлшерін арттыру бағытында көзделген міндеттердің орындалғандығын баян етті. «Жоспарланған межеге қол жеткізілді, – деді ол, – Қазақстандық үлестің жүйе құраушы кәсіпорындардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуларының жалпы ауқымындағы еншісі 60 пайызды құрады». Министрлік қазақстандық үлесті арттыру бағытындағы жұмыстарды билеуші партия – «Нұр Отанмен» және «Атамекен» Одағымен» тізе қоса отырып, іске асырыпты. Отандық өнім өндірушілерді қолдауды көздейтін 10-нан астам нормативтік құқықтық

акті бекітілген. Қазақстандық үлес туралы қолданыстағы заңнаманы түзетін жаңа заң да қабылдану үлгеріпті. Осының арқасында мемлекеттік тендерді реттеу жүйесі әзірленіп, отандық өндірісті дамыту тетіктері қойылған. Бұған қоса, отандық тауар өндірушілерге қосымша жеңілдіктер қарастыратын «СТ-KZ» – «Қазақстанда жасалған» таңбалы тауарларды сертификаттау жүйесі енгізілген екен. «Осы жұмыстардың қорытындылары бойынша жалпы сомасы 750 миллиард теңгеге құрайтын 11 мыңнан астам контрактке қол қойылды, – деді министр Әсет Исекешев, – Бұл өңдеу өнеркәсіміндегі кәсіпорындарымызға күрделі уақытты лайықты өткеруге мүмкіндік берді».

Индустрия және сауда министрлігінің алқа жиынында еліміздегі бизнес ортаның белсенділігін арттыру мақсатында былғы жылы «инновациялық гранттар» бөлінетіндігі жария болды. Бұл гранттар инновациялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу, қолданбалы зерттеулерді жүргізу, зияткерлік меншік құқығын рәсімдеу және озық технологияларды шығару үшін беріледі. Тағы бір жаңалық – Шығыс Қазақстан обл. сында жоғары технологиялар аймағын құру аясында Металлургия орталығы және тау-кен

құрылғылардың конструкторлық бюросы ашылмақ.

Ә.Исекешев Келендік одақ аясында «мақсатты импорт» деген ұғым енгізу көзделіп отырғандығын кәсіпкерлерді құлағдар етті. Оның не пайдасы бар? Министрдің мәліметінше, «мақсатты импорт» бойынша өнім өндіруге қажетті техникалық құрылғыларды, құрастыру бөлшектері мен қажетті шикізатты ешбір келендік салығыз тасымалдау мүмкін болмақ. Бұл өте маңызды, өйткені алда, бірыңғай келендік тариф қабылданғаннан кейін келендік салықтар қазіргі 6,2 пайыздан 10,6 пайызға дейін жоғарылайтын болады. Қазақстан отандық өнім өндірушілерді қолдау мақсатында тек 400 тауар түрі бойынша төмендетілген келендік салық мөлшерін қолдануға ұлысқат алған. «Бағаларды заңсыз қымбаттатудың алдын алу мақсатында келендік салығы төмендетілген тауарлардың нақты тізімі Бәсеке-лестікті қорғау жөніндегі агенттікке жіберілді. Сондай-ақ бүгінде Қазақстан мен Ресейдің шекара аймағындағы кейбір тауарларға қойылған бағалардың арасында айырмашылық бар. Оған Сауда комитеті арнайы мониторинг жүргізіп отыр» деді Ә.Исекешев.

Ал, баяндамашыларды мұқият тыңдаған Үкіметбасы Кәрім Мәсімов бар күшті елді индустриялық-инновациялық дамытуға жү-

мылдыруға шақырды. Оның байламынша, «егер біз алдағы 5-10 жылда индустриямызды көтермекпес, онда бүкіл өнеркәсібімізді құтқаруға тура келеді».

– Германияның Батысы Шығысымен біріккенде, ГДР-дің қазіргі қазақстандық кәсіпорындардан жаман емес кәсіпорындарының өзін түбірімен қиратып тастады, – деді Премьер, – Тек олардың аландарын ғана қалдырған, сол жерлерде жаңа тұрпатты кәсіпорындар тұрғызыла басталды. Ал бізде өзімізге қазір келіп, «Біз сіздерге триллион евро берейік. Қазір барлығын салып, дайындап береміз» дейтін ел жоқ. Біз тек өзімізге ғана арқа сүйей аламыз. Қазір «біздің индустриямыздың болашағы бар ма, әлде жоқ па? Біз бәсекелес аламыз ба?» деген сұрақ туып тұр, – деді Кәрім Мәсімов. Министрлік осыған нақ жауап беруге тиіс. Тұтастай алғанда, кеше Исекешев командасының 2009 жылдағы жұмысы Үкіметбасы тарапынан оң бағаланды. Премьердің айтуынша, қорытындылар оң нәтижелер бар екендігін көрсетеді. «Сонымен бірге біздің алдымызда индустрия салымын дамыту бойынша өте зор міндеттер тұр. Себебі, еңбек өнімділігі және технологиялық жарактандырылуы тұрғысынан алғанда, ол дамыған елдерден алапат (катастрофический) қалып қойған» деп түпіді Кәрім Мәсімов.

КЕЛІСІМ

«Бас мұрабтар» бас қосты

Онтустік Қазақстан облысының орталығындағы «Шымкент» қонақ үйінің конференцзалында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан Республикаларының арасындағы Мемлекетаралық су шаруашылығы комиссиясының кезекті 54-жылдық өтті. Оған аталған республикалардың су шаруашылығының басшылары қатысты. Аталған мәжіліске Қазақстан жағынан Су ресурстары комитеті төрағасының міндетін атқарушы Анарбек Орман мырза төрағалық етіп отырды.

Лауазымды тұлғалардың жылдың басында мәміле жасап алайық деп, мәжіліс өткізгеніне терен сыр жатыр. Кейбір Орта Азия мемлекеттерінің арасында су мәселесінен дау туып жүр. Соңғы жылдары «кейбір мемлекеттер дарианын жағасынан алып су қоймасын салып алғысы келіп жүр деген де дақпырт естіліп қалады».

Бес елдің «бас мұрабтары» Амулария мен Сырдариядан су алатындардың 2009 жылы жағдайлары қалай болғанын талқылап алды. Одан соң екі өзеннің бойынан салынған су қоймаларынан алдағы жаз айларында қанша су босатылып отыруы керектігін сөз етті. Азия даму банкісінің техникалық көмегімен жасалған жобаның аталған бес мемлекеттің арасында қалай келісіліп жатқанына назар аударды.

Амулария арқылы Аралға су бармай жатыр. Өзбекстан бізден Арнасайға жылына 1 млрд текше метр су бергенімізді қалайды. Ал біздің пікіріміз басқашуала. Былтыр Өзбекстанның Арнасайына 300 миллион текше метр су жіберген екенбіз. Был да сол көлемді сақтап қалаудан кет әрі емес сияқтымыз. «Шардарада су мол болса, Сырдарияның төменгі жағы ерну-тен асыпай деп тұрса, көшірлердің ұсынысы туралы ойланп отыру керек» деді біздің «мұрабтарымыз».

Қабылданған Хаттамға сәйкес Қырғызстаннан қуып та екіжақты келісім-шарт бойынша белгілі бір мөлшерде электр қуатын сатып аламыз. Соған сәйкес айыр қалпақты көрші ағайындарымыз Токтағұл су қоймасынан 2010 жылдың шілде, тамыз айларында су жібереді. Мақтар ауданына қажетті суы көрші ала таяқиялы бауырларымыз «Достық каналы арқылы кірісісіз өткізуге келісіп отыр».

Олар қол қойған Хаттамда осы жолғы уағдаластыққа сәйкес алап жаз айларында қай жаққа қимін қанша су жіберіп жатқанына күнделік мониторинг жүргізіп отыру керектігі айтылған бұл шараның қимге жүк ететініне дейін көрсетілген. Маусым, шілде, тамыз айларында дарианы төменгі ағысына қарай алып бес мемлекеттің аумағындағы су қоймаларына қанша текше метр су босатылуы керектігіне деуін белгіленген.

Құндық ОРАЗБЕКҰЛ

Үкімет